

4. Теория государства и права. Учебник / Под ред. профессора В.В. Лазарева. Москва. Право и закон. 2002.

5. Теория государства и права. Курс лекций / Под. ред. Н.И. Матузова и А.В. Малько. -М. Юристъ, 2016.

6. <http://www.akorda.kz/ru/addresses> Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 5 октября 2018 г.

## ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ САЛАДАҒЫ ҚАЛА ӨКІЛЕТТІЛІГІ

*Байжанова К.Т., докторант, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Қазақстандық заңнаманы жаңғырту үдерісі және қалыптасып отырған нарықтық қатынастар кейбір құқықтық категорияларды дер кезінде қайта қарауды және оларды зерттеудің жаңа деңгейіне көтерілуді талап етеді. Заман талабына сәйкес қайта зерделеуді қажетсінетін саланың бірі әлеуметтік-мәдени саладағы қалалық басқару органдарының өкілеттілігі болып табылады. Әлеуметтік-мәдени саланың басты ерекшелігі - адамға тікелей қатыстылығы, оның рухани, дене және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін құқықтарын анықтауы және бекітуі.

Қандай да болмасын мемлекетте әлеуметтік-мәдени саланы игеру және басқаруды жүзеге асыру өзекті мәселелердің қатарын құрайды. Бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстан да әлемдік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде осындай мәселелерді шешумен айналысады. Қазақстан Республикасы өзін жоғарғы құндылығы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып отырғанда, бұл мәселенің өзектілігі даусыз. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі, конкурстық негізде оқу гранттарына сәйкес жоғары оқу орындарында тегін жоғары білім алу құқығы, сондай-ақ ақылы негізде жоғары білім алу құқығы беріледі. Мемлекет тұрғындары денсаулығын қорғау құқығына ие, олар заңда көрсетілген негізде және көлемде кепілдендірілген тегін медициналық көмек алуға құқылы. Сонымен бірге, мемлекеттік және жеке меншіктегі мекемелерінде, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарда ақылы медициналық көмек алуға құқылы. Қазақстан Республикасы азаматына жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Ел азаматтары туған тілі мен мәдениетін еркін пайдалануға, өзара қатынас тілін, тәрбие, білім алу мен шығармашылықтің еркін таңдауға құқылы [1].

Азаматтардың аталған құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру жергілікті мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдарының тиімді деерен еңбегінсіз мүмкін емес. Қандай да болмасын мемлекеттің өркендеп өсуінің тұрғындарының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты екендігі белгілі. Еліміз бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосылуы үшін қоғамдық өмір саласының өзге бағыттарымен қатар, әлеуметтік-мәдени дамуға үлкен назар аудару қажет. Қалалық жерлерде тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, олардың әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру қазіргі кезеңде қала тұрғындарының сандық мөлшері басым болып тұрған шақта тіпті де қажетті әрекет.

Қалалық жердегі мәдени құрылымның басты құраушыларының бірі – білім беру. Білім беру тұлға, қоғам, мемлекет мүддесін көздейтін, мемлекетпен тағайындалған білім стандарттары талаптарына сәйкес білім деңгейіне жетуге бағытталған тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес, білім беру тұтас жүйені құрайды. Жүйе азаматтардың жалпы орта білім алуын және кәсіби дайындығын қамтамасыз етеді, мектепке дейінгі тәрбиені, мектептен тыс тәрбиені, кәсіби-техникалық, арнаулы орта және жоғары білім беруді, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қамтиды. Білім беру саласында қалалық мәліхаттар мен әкімдіктер «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Білім туралы» заңдарда көрсетілген өкілеттіліктерді жүзеге асырады. Мысалы, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі заңның 27 бабына сәйкес: «Азаматтардың тегін білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді» [2; 27].

«Білім туралы» заңның 6 бабы республикалық маңызы бар қала мен астананың, облыстық маңызы бар қаланың және аудандық маңызы бар қаланың өкілді және атқарушы органдарының білім беру саласындағы құзіретін саралайды. Қалалық өкілді органдар білім алушылардың қоғамдық

көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы шешім қабылдайды, ел заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Заңның 6-шы бабының 3-ші тармақшасы республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының құзіретін анықтау барысында әр кезеңдегі өзгерістері мен толықтыруларын қоса қарастырғанда, қазіргі кезеңде 40 өкілеттілігін нақты көрсеткен. Осы баптың 4-ші тармақшасы облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының білім саласындағы 29 құзіретін анықтайды. 5-ші тармақшада қаладағы ауданның, облыстық, аудандық маңызы бар қаланың әкімінің құзіретіне кіретін сұрақтар көлемі анықталған. Осыларды топтастыра қарағанда байқайтынымыз, қалалық атқарушы органдар өз құзіретіндегі аумақта мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алу, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады; кешкі (ауысымды) оқыту нысанын және интернат үлгісіндегі білім беру ұйымдары арқылы ұсынылатын орта білім беруді қоса алғанда, орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алу қамтамасыз етеді; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді; ата-анасының қамқорлығынан айырылған жасөспірімдерге қамқоршы және қорғаншы тағайындауды ұйымдастырады, балалар үйіне немесе мектеп-интернаттарға орналастырады, мемлекеттік емес білім беру мекемелерінің әрекетін білім берудің мемлекеттік стандартын қамтамасыз ету мәселесі бойынша бағалайды және өзге де заңда көрсетілген өкілеттіктерді жүзеге асырады [3; 6].

Аталған өкілеттіктергесәйкес қалалық басқару органдары жалпы білім беруді қамтамасыз ететіндігін көрдік. Олар мектеп жасындағы балалардың нақты есебін жүргізуге, оларды толық көлемде оқумен қамтуға тікелей жауап береді. Өткен ғасырдың соңғы он жылдығында еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты мектеп жасындағы кейбір балалардың білім берумен қамтылмай қалғаны, жасөспірімдер арасында кезбеліктің кеулеп кеткені шындық. Міне, осындай жағдайда, мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары дабыл қағып, жергілікті органдар (әсіресе, бұндай өрескел жағдайдың қалалық жерлерде басым белең алуына байланысты қалалық әкімдіктер) тиімді шаралар қолданып, мәселенің беті қайтқаны дарас. Сондай-ақ, қалалық әкімдік оқушы жастарды патриоттық, адамгершілік, еңбектік, құқықтық тұрғыдан тәрбиелеуге, бос уақытын ұйымдастыру, спортқа тартуға қатысты шаралар кешенін жүзеге асырады. Көркем өнерпаздар байқауларын, спорттық жарыстар өткізеді, балалар денсаулығын сақтауға, демалысын ұйымдастыруға бағытталатын шаралар да жеткілікті.

Жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастырудың маңызды құралы тұлға дамуына мақсатты ықпал етудің кешенді жүйесі ретіндегі құқықтық тәрбие болып табылады. Посткеңестік кезеңде жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастыру жеткілікті деңгейде қарастырылмады, мемлекет бұл саланы қолдан шығарып алды. Бұл, әрине, дұрыс емес-ті. Жасөспірімдерді құқықтық тәрбиелеуді үнемістен шығармау қажеттілігі құқық ролінің артуы, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу механизмін жетілдірудің маңыздылығы тәріздес объективті алғы шарттармен түсіндіріледі. Тұлға құқықтарын жүзеге асыру мен кепілдендіру туралы мәселе қойылады. Қазақстандағы жастарды құқықтық тәрбиелеудің соңғы жылдардағы ерекшелігі ретінде тәрбиелеу процессін орталықтандырудан бас тартуды айтуға болады. Қазіргі кезеңдегі құқықтық тәрбие олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу арқылы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық мәліметтер тарату жолымен, қала әкімдігі жанынан заңдық кеңес беретін телефон линияларын ашудың көмегімен жүргізіледі. Жоғары оқу орындарында құрылған заңдық клиникалардың да осы игісіке тигізер үлесі мол.

Қалалық атқару органдары әртүрлі мекемелердің құқықтық білім беруін, жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын үйлестіреді. Дегенмен де, бұл салада атқарылып жатқан әлі де болса көп. Олай дейтін себебіміз, жастарға құқықтық білім беру кейде қағаз жүзінде, есеп беру үшін ғана өткізіледі. Қоғамның, құқықтық тәртіптің, мемлекеттік биліктің құрылымдардың жүйелі дағдарысқа ұшырауы жастар арасында нигилизмнің тарауына себеп болды. Құқыққа, заңға немқұрайдылықпен қарау жастардың күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі әрекетіне кері ықпалын тигізуде. Нәтижесінде, құқықтық сана мен мәдениеттілік деңгейі төмен жастар арасында қылмыс дендеп барады. Сондықтан да, осы бағыттағы шараларды қағаз жүзінде емес, шын мәнінде жүргізу

абзал. Ол үшін басқа да шаралармен қатар, білім беру мекемелерінің, мұғалімдердің, оқытушылардың құқықтық білім деңгейін көтеру керек, осы салаға жауапты заңгерлердің шынайы мүдделілігі қажет. Құқықтық білім таратушы адамдардың білім дәрежесін тереңдете түсіру мақсатында қалалық мәслихат пен әкімдіктің тікелей қатысуымен және қаржыландыруымен біліктілікті көтеру орындары құрылса, нұр үстіне нұр бола түсушіеді. Оған қол жеткізудің бір мүмкіндігіретінде Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыссапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасын әзірлеп, қабылдау қажеттілігі туралы ойды алға тартамыз. Мемлекет басшысы «мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиісті» заң жобасын әзірлеп, қабылдау қажеттілігін басаайтты [4; 4].

Сондай-ақ, Жолдауда мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту қажеттілігіне орай, Білім және ғылым министрлігіне әкімдіктермен бірлесе отырып, «Жол картасын» әзірлеу тапсырылды [4; 2].

Қазіргі кезеңде түбегейлі өзгеріске ұшырап отырған, сол себепті де жаңа негіздегі мемлекеттік басқаруды қажет ететін саланың бірі жоғары білім беру болып отыр. Жоғары білім беру саласында дәстүрлі тәсілдермен қатар, инновациялық әдістерді қолдану, кредиттік технологияға ауысу орын алды. Оның даозық тұстарымен қатар, әлі де болса жетілдіруді қажет ететін осал жерлері де кездеседі. Дегенмен де, кредиттік технологияның өздігінен ізденуге бейім жастарға қолайлылығы анық. Себебі, әрбір тәлімгерге мемлекеттік білім стандарты аумағында дайындықтың өзіндік бағытын таңдауға және оқып-үйренуге мүмкіндік береді. Сапалы білім беру саласындағы даму жаңа технологияларды қалыптастыру мен оларды дәстүрлі нысандармен ұштастыра қолдана білуге байланысты болмақ. Мемлекеттік органдардың міндеті сапалы білім беруге құштарлықты көтермелеу, материалдық қамтамасыз ету болып табылады.

Қалалық атқару органдары өз аумағында ғылымның дамуына жәрдемдеседі, ғылыми-зерттеу мекемелеріне және жоғары оқу орындарына ғылыми әрекетті жетілдіру, ғылыми кадрларды дайындау, ғылыми зерттеу нәтижелерін практикада тиімді пайдалану мәселелері бойынша көмек көрсетеді. Мемлекет ғылым мен инновациялық әрекетті дамыту саласында екі түрлі қызмет атқарады: 1) ғылыми-техникалық әрекет нәтижелерін сақтау мен қорғауды ұйымдастырады, 2) ғылым мен ғылыми-техникалық әрекетті қолдау мен дамытуға қажетті шараларды қабылдайды. Ғылым мен оның нәтижелері – қоғам мен қазіргі экономиканы дамытудың негізі. Мемлекет міндеті - ғылыми мекемелерден немесе инновациялық процестерден түсетін табысқа таласу емес, оларды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Мемлекет білім беруді, мәдениетті, медицина мен ғылымды қолдайды.

Мемлекет бағдарламаларында қарастырылған негізгі бағыттардың бірі азаматтардың денсаулығын сақтау және салауаттылығын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты қаладағы мемлекеттік басқару органдарының әлеуметтік-мәдени саладағы өкілеттілігіне олардың денсаулық сақтау аймағындағы құқықтары мен міндеттері де кіреді. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексталаптарына сәйкес қалалық мәслихат пен әкімдік тұрғындардың денсаулығын қорғау және денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуда тиісті шараларды жүзеге асырады. Олар денсаулықты дамытуға және нығайтуға, аурудың алдын алуға, санитарлық-эпидемиологиялық тыныштыққа ықпал ететін тұрғындардың өмір сүруіне қажетті жағдайлар кешенімен қамтамасыз етуге, денсаулық сақтау саласының ресурстық, кадрлік, қаржылық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру, емдеуі қиын ауру түрлері бойынша емдеу орындарын ашу және қамтамасыз ету, тұрғындарды қауіпсіз, экологиялық таза, тиімді десапалы дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуді бақылау тәріздес алуан әрекеттерді жүзеге асыруға тиісті [5]. Қазіргі кезеңдер республикалық маңызы бар қалада, астанада, облыстық маңызы бар барлық қалаларда туберкулез ауруын емдеуге арналған емдеу орындары ашылған. Ғылымның үлкен жетістіктерге жетіп отырған кезеңінің өзінде кейбіраурулардың жойылудың орнына өрше түсуі (мысалы, туберкулез) санитарлық нормалардың сақталынбауына, тұрғындарды профилактикалық тексеру жұмыстарының төмендеуіне байланысты. Қаладағы өкілді және атқару органдары өз өкілеттіліктерін пайдалана отырып, жергілікті жағдайды түзетуге тырысуы қажет. Оны әртүрлі бағыныштылықтағы қалалар өз мүмкіндіктерінше жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [6]. Оның мақсаты азаматтарға медициналық қызмет көрсетуде тиімді жүйе құру жолымен тұрғындардың денсаулығын жақсарту болып табылады. Ол үшін ана мен баланың денсаулығын

нығайту, алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметін дамыту және санитарлық эпидемиологиялық игіліктерді қамтамасыз ету, қала тұрғындарына, бірінші кезекте әлеуметтік айрықша аурулармен ауыратындарға медициналық көмектің сапасын жақсарту, дәрі-дәрмек құралдарының сапасын және қол жетімділігін қамтамасыз ету, қалалық денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту тәріздес әрекеттерді жүзеге асыру қажет. Бағдарламада қазақстандық қалаларда денсаулық сақтауды дамытудың қажетті шаралары көрініс тапқан.

Қазақстан азаматтары қалалық өкілді және атқарушы органнан тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық игіліктерін қамтамасыз етуді; азаматтарға, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы мәлімет беруді; жүзеге асырылуы тұрғындардың денсаулығы мен санитарлық-эпидемиологиялық игіліктеріне әсеретумен байланысты болатын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдерін дайындауға, талқылауға және бақылауға азаматтардың қатысуына жағдай жасауды қамтамасыз етуді талап етуге құқылы. Аталмыш органдар заңдық және жеке тұлғалардың санитарлық-эпидемияға қарсы шараларды өткізуіне, олардың санитарлық заңнаманы сақтауына басшылық жасайды және азаматтардың денсаулығын сақтау, өмірсүруге қолайлы орта, денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Адамның әлеуметтік құқығы, соның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру құқығы оның маңызды өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге, өмірсүрудің жоғары деңгейін және адам қабілеттілігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін еркін дамуды кепілдендіруге тиісті. Қазақстан Республикасында конституциялық деңгейде адамның қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін жағдайда еңбеккеріктілігі, жұмыссыздықтан қорғау құқығы танылады. Әрбірадамға жасына, ауруына, мүгедектігіне, асыраушысын жоғалтуына байланысты әлеуметтік қамсыздандыру кепілдендіріледі. Осы мақсатта Қазақстанда неке мен отбасы, ана мен әке, бала құқығы қолдау табады, мүгедектер мен кәрілік қорғалады. Олар мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғау шараларымен кепілдендіріледі, мемлекеттік зейнетақы тағайындалады.

Қалалық өкілді және атқару органдарының тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласындағы әрекетінің құқықтық негізін «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР заңы[7], «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң[8], «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» заң[9], «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктермен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы[10] құрайды.

Қалалық мәслихат күзіретіне тиісті аумақты дамытудың әлеуметтік бағдарламаларын бекіту және олардың атқарылуы туралы есепті тыңдау, халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу және кедейлікпен күрес бағдарламаларын бекітумен айналысады. Республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі өкілеттілігіне әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеп, мәслихаттың бекітуіне ұсыну және орындауын қамтамасыз ету кіреді; халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және кедейлікпен күрес бағдарламаларын әзірлеп, мәслихаттың бекітуіне ұсыну және іске асыру жатады; халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына қайырылымдық және әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырады.

Тұрғындарды әлеуметтік қорғау жұмыстары мүгедектердің, асыраушысынан айырылған отбасылардың, жалғыз басты аналардың, стихиялық апаттан зардап шеккен азаматтардың материалдық және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын көтеруге, кәмілетке толмағандардың бақылаусыздығының алдын алуға бағытталады.

Халықтың жұмыспен қамтылуы мәселелерін қарастыратын заңда жергілікті (қалалық) атқарушы органдардың мемлекеттік жұмыспен қамту саясатына сәйкес аймақтық бағдарламалар әзірлеу; нысаналы топтарды және оларды қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтап отыру; жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын ашуды қолдау; жұмыссыздарға әлеуметтік қорғау көрсету; қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру тәріздес міндеттері көрсетілген.

Посткеңестік бірқатар мемлекеттерде қазіргі кезеңде күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі – әскери қақтығыстарға қатысушыларды құқықтық қорғау болып табылады. Олардың қатарына Ауғанстан соғысына жіберілген әскери міндеттілер; 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа дарадиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар жатады. Әскери қақтығыстарға қатысушыларды қорғаудың

бұрынғы механизмескірген. Сондықтан, осы азаматтарды әлеуметтік қорғаудың заңдық, экономикалық және өзге кепілдіктері жүйесін құру қажеттілігі бар. Оның барысында мемлекеттік шынайы қамтамасыз ету мүмкіндігін деескерген жөн.

Азаматтарды әлеуметтік қорғаудың жаңасапалы және барынша тиімді құқықтық құралдарын жасауда мемлекет ролінің жоғарылауы биліктің мемлекеттік институттарының бар қауқарын қолдану қажеттілігімен негізделген. Тұрғындардың, жалдамалы жұмыскерлер мен олардың отбасының материалдық қамсыздандырылмау әлеуметтік қауіпобъективті өсіп отырған жағдайда мемлекет заң қабылдау және қолдану, экономикалық және ұйымдастырушылық механизмдермен құқықтық қатынас субъектілерінің әрекетін үйлестіруге тиісті. Тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жүйесін жасау қажет.

Заңқалалық атқару органдарының мәдениет және спорт аясындағы өкілеттілігін бекітеді. Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала әкімдігінің құзіретіне тарихи және мәдени мұраларды сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, халықтың тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрып салттарын дамытуға жәрдемдесу, облыстық маңызы бар қалааумағындағы экологиялық, тарихи, мәдени немесе ғылыми құндылығы бар табиғат объектілерін және өзге деобъектілерді қорғалатын ескерткіштер деп жариялау туралы ұсыныс енгізу жатады.

Қалалық өкілді органдар салауатты өмір салтын насихаттап және бұқаралық спорт пен туризмге мемлекеттік қолдау көрсету шараларын жүзеге асырады. Қала мәслихаттарында мәселелер көтеріліп, осы салада атқарылып жатқан әрекеттер тиісті бағасын алады және жетілдірудің жолдары сілтенеді.

Демократиялық жолмен дамушы қоғам оның жан-жақты объективті қажеттіліктері мемлекеттің басты назарында болғанын қалайды, бұл мемлекеттің жалпы әлеуметтік функцияларын кеңейтуге ықпал етеді. Қазіргі мемлекеттердің дамуының жаңа заңдылығының бастауы ретінде оның қоғам өміріндегі ролінің арта түскенін айта кеткен жөн. Мемлекет өзінің ұйымдастырушылық және бағыттаушылық әрекетін қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени аймақтарына жаңадан құрылған мекемелер мен органдар арқылы тарата бастады.

Мемлекеттің әлеуметтік-мәдени саладағы әрекеті ғаламдану барысында аса маңызды. Еркін дүниежүзілік нарық әрбірадамға қамтамасыз етілетін әлеуметтік кепілдіксіз өмірсүре алмайды, өзгеше жағдай қоғамдық қақтығысқа әкеліп соғуы мүмкін. Әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру адамдардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында экономикалық қатынастарға ықпал етуді талап етеді. Аталған құқықтарды қамтамасыз етпей қоғамда әділеттілік пен ынтымақтастыққа негізделген қатынастар құру мүмкін емес. Әлеуметтік бағдар ұстаған мемлекет алдында үлкен қиындықтар тұрады. Өйткені, ол еркін экономика мен әділетті бөлу арасындағы теңгермелікті сақтай білуге тиісті. Барлық азаматтарға дұрыс өмірсүруді қамтамасыз етуге құштар бола отырып, мемлекеттің экономикаға өрескел араласуына немесе кәсіпкерлік ынта мен еркіндікті басуына болмайды. Әлеуметтік мемлекеттер реформалар әркімнің дұрыс өмірсүруін қамтамасыз етуге бағыттала отырып, өмірді згілендіруге ықпал етуге, қоғамда қарсы тұрушылық пен шиеленісті жеңе білуге тиісті.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы // [adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000)
- 2 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>
- 3 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- 4 Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауы // [www.akorda.kz/kz](http://www.akorda.kz/kz)
- 5 «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-ІҮ Кодексі // [adilet.zan.kz/kaz/docs/K090000193](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K090000193)
- 6 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығы // [https://strategy2050.kz/static/files/pr/gprz\\_kk.pdf](https://strategy2050.kz/static/files/pr/gprz_kk.pdf)
- 7 «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-Ү // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000482>
- 8 Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңы 2013 жылғы 21 маусым №105-Ү заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105>

9 Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы ҚР1997 жылғы 16 маусымдағы заңы №126 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000126>\_

10 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі №2247 заңы // [adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002247](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002247)\_

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДУМА И СУДЕБНО-ПРАВОВАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ КАЗАХСТАНА (1905-1917 гг.)

*Жабыкпай Т., магистрант юридического факультета им. Е.А. Букетова  
(научный руководитель д.ю.н., профессор Кожасметов Г.З.)*

Надо сказать, что имперское право, проникая вглубь Казахстана, прошло свою эволюцию, которая зависело от уровня колонизации Степных регионов. Как известно, первоначально это были Уставы об Оренбургских и Сибирских киргизах, позже, попытки ликвидации ханской власти и реформы Игельстрома, а после подавления активного сопротивления казахской аристократии, и укреплением границ – Временные положения по управлению Степным и Туркестанским краем. Временные положения были попыткой царского правительства проверить новые органы колониального управления, а также исследовать реакцию коренных жителей на кардинальные нововведения. Параллельно правительство проводило изучение эффективности тех или иных институтов, которые использовались в других колониальных территориях.

Как показала жизненная практика, Временные положения в целом удовлетворяли интересы колониальной политики царизма в регионе и не вызвали широкой волны протеста покоренного населения. Поэтому, просуществовав несколько десятков лет, создали благоприятную основу для принятия Степного и Туркестанского положения. (Туркестанское положение было принято в 1886 году, Степное положение – в 1891 году)

В соответствии с Временными положениями в Казахстане была установлена новая система судоустройства, куда входили такие институты, как уездные суды, военно-ссудные комиссии и областное правление. Этими же нормами признавалась деятельность бийских судов, которые в своих полномочиях были значительно ограничены.

Временные положения в компетенции имперских судов оставили все значительные уголовные и гражданские дела, а оставшиеся вопросы и семейно-брачные отношения предоставили суду биев. Так, например, решения народного судьи были окончательны по делам до 30 рублей, волостные съезды биев рассматривали дела с суммой иска до 500 рублей, и наконец, решения чрезвычайных съездов биев были окончательны по всем делам, отведенным к его компетенции. Созыв и надзор за их деятельностью осуществлялся уездными начальниками, выборы же утверждались военным губернатором. Судьи не получали жалования, но тем не менее имели право на определенное вознаграждение от суммы иска тяжущихся сторон, который назывался бийлік.

Согласно Положениям суд биев стал выборным, избирался сроком на три года и состоял из трех инстанций: единоличного судьи, волостного и чрезвычайного съезда биев. Правительство, сделав институт суда биев выборным, преследовало цель создать послушный инструмент в руках колониальной администрации. В то же время здесь была и политическая подоплека выгодная для правительства, заключающаяся в том, что суд биев терял свой прежний авторитет и самостоятельность.

Казахский просветитель Чокан Валиханов, предвидя указанные последствия в период подготовки судебной реформы в крае, выступал против выборности судей. Он указывал, что «...только глубокие познания в судебных обычаях, соединенные с ораторским искусством, давали киргизам это почетное звание» [1; 85]. Выборность, по мнению Валиханова, сделает его объектом злоупотреблений, взяток и межпартийной борьбы.

Действительно, как писал академик Зиманов С.З., суд биев не случайно назывался судом «высокой справедливости», поскольку являлся продуктом кочевого казахского общества. В судах биев воплотились ценности народной демократии и народовластия в более естественных формах [2; 3].